

«БЕКІТЕМІН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КеАҚ  
Басқарма Төрағасы – Ректоры,  
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, заң  
ғылымдарының докторы, профессор

Н.О. Дулатбеков

«20»

08

2021 ж.

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ  
**ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫ**

## 1. Жалпы ережелер

Әлеуметтік саясат – Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетіндегі қызметкерлерге, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларға қолдау көрсету, ынталандыру және қолайлы жағдай жасау мақсатында материалдық-қаржылық, білім беру, әлеуметтік-жеңілдік, мәдени-демалыс, консультациялық көмек көрсетуге бағытталған шаралар кешені.

## 2. Мақсаты

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ білім алушыларын, қызметкерлерін және оқытушыларын әлеуметтік қолдау ғылыми, шығармашылық, спорттық қызметті насихаттау, сондай-ақ жоғары оқу орнының кадрлық әлеуетін дамыту және жұмыстың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға ықпал ететін психологиялық жайлы ахуал қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылады.

## 3. Міндеттері

Университеттің әлеуметтік саясатының негізгі міндеттері:

- студенттік активтің әлеуметтік осал топтарын қолдау;
- дарынды студенттерді, оқытушылар мен қызметкерлерді қолдау;
- студенттер, қызметкерлер және оқытушылар арасында жайлы психологиялық ахуал қалыптастыру бойынша шаралар кешенін әзірлеу;
- студенттерге, қызметкерлерге және оқытушыларға әлеуметтік, материалдық және басқа да көмек көрсету;
- студент жастарды қоғамдық, ғылыми, шығармашылық және спорттық қызметке ынталандыру.

## 4. Бағыты

Университеттің әлеуметтік саясаты бірнеше бағыттарды қамтиды:

1. Оқуға жеңілдіктер ұсыну;
2. Стипендияға үстемеақылар қосу;
3. Қоғамдық, ғылыми және спорттық қызметтегі табыстары үшін көтермелеу;
4. Әлеуметтік жеңілдіктер мен әлеуметтік қолдау;
5. Мәдени-демалыс, шығармашылық және спорттық қызмет;
6. Қызметкерлер мен оқытушыларға материалдық көмек көрсету.

## 5. Оқуға жеңілдіктер

Бакалавриатта білім алушыларға оқу ақысын төмендету, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға оқу ақысын төмендету университеттің Директорлар кеңесінің шешімімен регламенттеледі және *10.06.2021ж. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-та білім алушыларға оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер жасау туралы ережеде көрсетілген.*

## 6. Стипендияға үстемеақылар

Емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тек «өте жақсы» бағалары бар білім алушылардың, оның ішінде көзі нашар көретін мүгедектер мен құлағы

кеміс мүгедектердің, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеңілдіктер мен жеңілдіктер бойынша соғыс мүгедектеріне теңестірілген студенттердің, магистранттардың, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және азаматтардың қамқорлығындағы (қорғаншылығындағы) балалар қатарындағы студенттердің, магистранттардың, емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тек «өте жақсы» деген бағалары бар студенттердің, магистранттардың (мемлекеттік атаулы стипендия мен Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын алатын студенттерден басқа) стипендияларына үстемеақылар қосу *«Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 Қаулысымен регламенттеледі.*

## 7. Қоғамдық, ғылыми және спорттық қызметтегі табыстары үшін көтермелеу

7.1. Білім алушыларды қоғамдық өмірге белсене араласқаны үшін көтермелеу:

2-4 курс студенттеріне, 2-курс магистранттарына

- *Ректорлық стипендия:* үш бағытта (ғылыми қызмет, шығармашылық қызмет, қоғамдық өмір) үздік нәтижелері үшін (соңғы екі жылда) конкурстық негізде беріледі – 30 000 теңге (бір реттік, жыл соңында). Аталған стипендия үш студентке беріледі (әр курсқа бір стипендия бөлінеді);

- *Қошбасшылық стипендия:* қоғамдық, ғылыми-зияткерлік, шығармашылық және спорттық қызметте үздік нәтижелер көрсеткен жас белсенділерге, студенттік актив қосбасшыларына беріледі – 20 000 теңге (бір реттік, жыл соңында);

- *Демеушілік стипендия:* университет басшылығының ұсынысы бойынша демеушінің өзі анықтаған студенттер мен магистранттарға беріледі. Түрлі білім беру орталықтары, ұйымдар, ірі компаниялар, білім беру саласындағы меценаттар және т.б. демеуші бола алады. Демеушілік стипендияның мөлшерін және оны алу шарттарын тікелей демеуші белгілейді.

## 7.2. Дарынды жастарды қолдау:

- университеттің студент жастарының шығармашылық, зияткерлік және спорттық әлеуетін дамытуға бағытталған республикалық, халықаралық форумдарға, фестивальдарға, конкурстарға, жарыстарға және басқа да іс-шараларға қатысу үшін іссапар шығындарына қаржы бөлу.

## 7.3. Көтермелеудің басқа да түрлері:

Жақсы үлгерімі, университеттің қоғамдық өміріне белсене араласқаны үшін студенттер, магистранттар мен докторанттар үшін келесі көтермелеулер белгіленеді:

- грамотамен/алғыс хатпен марапаттау;
- бағалы сыйлықпен марапаттау;
- ақпалай сыйлықақы беру.

7.4. Қызметкерлер мен оқытушыларды ынталандырудың басқа да түрлері:

- грамотамен, дипломмен және алғыс хатпен марапаттау;
- медальдар табыстау;
- спорттық, ғылыми және шығармашылық қызметтегі үздік жетістіктері үшін ақшалай көтермелеу;
- 50, 60, 70, 75, 80, 85, 90 жасқа толу мерейтойлық даталарына байланысты ақшалай көтермелеу.

## 8. Әлеуметтік жеңілдіктер және әлеуметтік қолдау

8.1. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған (қорғаншылықтағы) балалар қатарындағы білім алушыларды әлеуметтік қолдау *«Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысымен регламенттеледі.*

8.2. Барлық санаттар үшін медициналық қызмет көрсету:

- студенттік емханада тегін қызмет көрсету (міндетті тіркелу шартымен);
- қажет болған жағдайда кепілді ақысыз алғашқы көмек көрсету (факультеттер мен Студенттер үйлеріндегі денсаулық сақтау пункттері);
- Психологиялық қызмет көрсету орталығында ақысыз психологиялық және консультациялық көмек;
- қызметкерлер мен оқытушылардың демалысына жыл сайын бір айлық мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысын төлеу;
- шипажайға, сондай-ақ университеттің демалыс аймақтарына (Топар, Қарқаралы, Балқаш) жолдамалар.

8.3. Студенттер үйлерінде тұру:

Университет білім алушылардың келесі санаттарына тегін тұруды белгілейді:

- Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар,
- Мүгедектер мен бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар,
- Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар,
- Кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар;
- «Серпін-2050» «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» бағдарламасы бойынша келген студенттерге отінімдерді қарау және орналасу кезінде басымдық құқығы беріледі.

*(«Академик Е.А. Бокетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ Студенттер үйлері туралы ереже және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды болу қағидаларына» (30.12.2020 ж. өзгерістерімен) сәйкес)*

8.4. Ұйымдастырушылық түрғыдан қолдау:

Университет келесілерді тегін пайдалануға мүмкіндік береді:

- «Жастар орталығы» коворкинг-орталығы (студенттік отырыстар өткізу, кино қору, музыкалық кештер ұйымдастыру үшін);

- Студенттер үйлерінде тұрушыларға арналған шағын коворкинг-аймақтар (шахмат бұрыштары, теннис залы, кітапхана, оқу залы, үстел ойындары залы және т.б.):

- университет кітапханалары және оқу залдары;
- ауқымды студенттік іс-шаралар өткізуге арналған конференц-залдар мен лектік аудиториялар;
- факультеттер жанындағы коворкинг-ағандар;
- факультеттер жанындағы жастар ісі жөніндегі комитеттердің кабинеттері;
- Студенттер сарайы (келісім бойынша).

## **9. Мәдени-демалыс, шығармашылық және спорттық қызмет**

### **9.1. Мәдени-шығармашылық демалыс:**

Университет Студенттер сарайының келесі шығармашылық және музыкалық клубтарына жазылуга және тегін қатысуға мүмкіндік береді:

- «Жарқын» халықтық ансамблі;
- «Сарын» халықтық фольклорлық ансамблі;
- Халық әндері студиясы;
- Студия эстрадного пения «Жастар»;
- Вокалдық-хор студиясы;
- «Шаттық» театрлық-драмалық студиясы;
- «Шабыт» ақындар клубы;
- «Көркем сөз» шығармашылық студиясы;
- Қазіргі заманғы би тобы.

### **9.2. Қоғамдық қызмет:**

Университетте қоғамдық қызметпен айналысуға және тегін негізге келесі студенттік өзін-өзі басқару органдарының мүшесі болуға мүмкіндік бар:

- студенттік Парламент;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жөніндегі «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесі;
- «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі;
- факультет жанындағы жастар ісі жөніндегі комитет;
- Қазақстан Студенттер альянсы;
- «Жас Отан» ЖК;
- дебат клубы;
- факультеттер жанындағы қызығушылық клубтары.

### **9.3. Еріктілер қызметі:**

Университетте факультеттер жанындағы еріктілер клубтарының жұмысына жетекшілік ететін «Biz Baghyz» біріншай еріктілер орталығы жұмыс істейді. Студенттер еріктілер клубына кіріп, ерікті ретіндегі өз қызметін бастауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар факультеттерде де еріктілер клубтары жұмыс істейді.

### **9.4. Спорттық демалыс:**

Студенттер, оқытушылар және қызметкерлер келесі спорт нысандарына:

- спорттың 24 түрі бойынша түрлі спорт секцияларына;

- жалпы мақсаттағы 6 спорт залына, 2 шаңғы базасына, жазық имараттары бар 2 ашық стадионға және жасанды жабыны бар екі шағын футбол алаңына тегін бара алады.

#### **9.5. Рекреациялық спорт орталығы:**

- студенттер үшін тренажер залына, йога залына және бокс залына баруға жеңілдік;

- монша қызметіне студенттер үшін жеңілдік бар.

#### **10. Қызметкерлер мен оқытушыларға материалдық көмек**

Университет қызметкерлері мен оқытушыларына мынадай материалдық көмек көрсетіледі (келісім бойынша):

- жақын туыстары қайтыс болған жағдайда;
- бала туған (асырап алған) жағдайда;
- күрделі операциялар жасалған жағдайда (медициналық көрсетілімдерге сәйкес);
- некеге тұрған жағдайда;
- қызметкер, оқытушы қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелеріне.